

2

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкенді қабылдады.

Мемлекет басшысы американдық дипломатқа ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен АҚШ арасында дипломатиялық байланыс орнаған уақыттан бері екіжақты және көпжақты форматта өзара тиімді іс-әрекеттер жолға қойылғанын атап өтті.

– Сіздің сапарыңыз стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Қауіпсіздік, энергетика, сауда және инвестиция секілді маңызды стратегиялық салалардағы сенімді әрі ұзақмерзімді серіктестік қатынастарымыз өте жақсы. Сондықтан біз бұл ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайынбыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Құрама Штаттардың тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымыз бен егемендігімізді тұрақты түрде берік қолдап келе жатқаны үшін ризашылығымды білдіргім келеді, – деді Президент.




№25
(4458)
Бейсенбі
2 наурыз
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# МЕЙІРІМ МЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Қазақстан халқы үшін 1 наурыз – Алғыс айту күні ерекше мейірім мерекесіне айналды. Бұл күні әр заманда, түрлі себептермен, әртүрлі ұлт өкілдері қазақ еліне көшіп келіп мейірімге бөленгеніне ризашылықтарын білдіреді. Ел-жұрт бір-біріне ризашылық сезімін айтады.

Осы айтулы мерекеге орай кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық отандастарды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтады.

«Алғыс айту күні қиын-қыстау замандарда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртады.

Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер және еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңінде әрбір азаматтың ел болашағы үшін жауапкершілік танытуы және өзара қолдау көрсетуі аса маңызды.

Бүгінгі мейрамда адал еңбегі, жасампаздығы мен отаншылдығы үшін барша халқымызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Біз еліміздің ауызбіршілігін сақтай білсек, кез келген қиындықты еңсереміз. Әділетті Қазақстанды құрып, елімізді одан әрі өркендете береміз деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.



## АСТАНА – ЗИЯТКЕР ҚАЛА

Intelligent Community Forum нұсқасы бойынша Астана ең зияткерлі қалалардың ТОП-21 қатарына енді. Ұсынылған қалалар инклюзивті қоғам, экономикалық өркендеу, әлеуметтік денсаулық және рухани-мәдени қағидасы бойынша сараланды.

Рейтингті бағалауда цифрлық технологияларға қолжетімділік, ақылды қалаға инвестиция тарту, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және тағы басқа да критерийлер есепке алынды.

Сондай-ақ Астана Smart centres Index ақылды қалалар рейтингінде Мәскеу (68), Варшава (67), Рим (65) қалаларының алдына шығып, 64-орыннан көрінді.

Астана 2022 жылы алғаш рет Smart centres Index алтыншы басылымына енді. Зерттеу тобы қаланың инновацияларды қолдау деңгейін жоғары бағалады (650), бұл Токио, Сеул, Пекин, Сиэтл қалаларынан жоғары көрсеткіш болды.




**ОҚУЛЫҚТАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР ҚАНДАЙ?**

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**ЗҰЛМАТ ҚҰРБАНДАРЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ**

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

## НАУРЫЗДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

2023 жылдың наурыз айында бес күндік жұмыс аптасында жұмыс істейтін қазақстандықтар 12 күн демалады.

Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз сәрсенбіге сәйкес келді, сол себепті ол күн демалыс болып бекітілді.

Наурыз мейрамында қазақстандықтар сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері – 21, 22 және 23 наурыз күндері демалады. Мереке аптаның ортасына түседі, сондықтан жұмыс аптасы қысқа болады.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастық жөнінде айта келе, АҚШ Қазақстанның 62 миллиард доллардан астам инвестиция құйған ірі инвесторлардың бірі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері мен АҚШ-тың сыртқы саяси ведомстволары жетекшілері кездесуінің Астанада өтуі маңызды екенін атап өтіп, Құрама Штаттардың С5+1 форматындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған күш-жігерін құптады.

Өз кезегінде АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, АҚШ Президентінің сәлемін жеткізді.

– 30 жылдан астам уақыт ішінде қол жеткізген елеулі табыстарды екіжақты деңгейде дамыту, серіктестігімізді тереңдету және нығайту маңызды. Тек соңғы жылдары біз осы бағытта маңызды әрі жаңа жетістіктерге қол жеткіздік. Біздің қарым-қатынастарымыз берік және байланыстарымыз күшейе түседі. Біз осы бағыттан айнымаймыз. Сонымен қатар бүгін Астанада Орталық Азиядағы серіктестердің басын қосқаныңыз үшін Сізге және Сіздің ұжымыңызға алғыс айтамыз. Әріптестеріміз – сыртқы істер министрлерімен бірге аймақты біріктіруге бағытталған берік әрі тығыз қарым-қатынас жасау, нақты мәселелерге назар аудару жөніндегі жұмыстарға атсалысамыз деп үміттенемін. Бұл Орталық Азия халықтары мен Америка Құрама Штаттарына пайдалы болады деп ойлаймын. Біз ең жоғары деңгейде өзара іс-әрекет жасауға ниеттіміз. Мен осында келгеніме және ынтымақтастығымызды нығайтуға өз үлесімді қосқаныма өте қуаныштымын, – деді Энтони Блинкен.

Сонымен қатар Америка дипломаты Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерге жоғары баға берді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джо Байденге жүрекжарды сәлемін жолдады.




# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТТА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР

Әлемдік мәселелерді шешуде Қазақстанның өзіндік ерекше орны бар. Бұл туралы елордада өткен «С5+1» форматындағы министрлер кездесуінен кейін БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен айтты.

«АҚШ тарапы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың батыл реформаларын қолдайды. Бұл орайда біз Қазақстан қабылдайтын шаралар мен атқаратын жұмыстарды бақылап отырамыз. Әсіресе, адам құқығын қорғау, жемқорлықты жою мен президенттік мерзімге қатысты жүргізіліп жатқан реформаларын атап өткім келеді. Бұл бағыттағы өзгерістер Қазақстанға инвестиция құюға қолайлы ел ретінде көрсетеді. Біз 1991 жылдан бері Қазақстан экономикасына 50 млрд доллардан астам ивестиция құйдық. Алдағы уақытта АҚШ-та тікелей ивестиция бағыттауға ниетті. Сонымен бірге Қазақстан әлемдік мәселелерді шешуде өзіндік ерекше орны бар серіктес ел екенін айта кеткен жөн. Мәселен, ядролық қарудың таралуын тоқтату, бітімгерлік операцияларға қатысу, сондай-ақ ғарыш кеңістігін зерттеудегі үлесі айрықша» деді Энтони Блинкен.

Сонымен қатар, Энтони Блинкен Ресейге қарсы салынған санкциялар Қазақстанға қалай әсер ететініне тоқталды.

– Әрине, біз елдерге салынған санкциялардың салдарын көріп отырмыз. Дегенмен біз өзгенің есебінен санкция зардабын тартып жатқан елдердің кәсіпорындары мен компанияларына арнайы лицензиялар береміз. Біз жаңа логистикалық мүмкіндіктерді, экспорттық нарықтарды іздейміз. Біз Орталық Азия елдеріне жаңа серіктестер мен жаңа мүмкіндіктер ашу жолында бар күшімізді саламыз. Сонымен қатар, серіктес мемлекеттермен жұмыс істейміз және жаңа сауда әлеуетін дамыту үшін «С5+1» форматына қатысушы елдерге қолдау көрсетеміз» деп тоқталды АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы.

Баспасөз өкілдерімен кездесуде ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді «Қазақстанда американдық капиталдың қатысуымен 590-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейтінін» атап өтті.

– Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара сауда айналымы 2022 жылы 3 млрд доллардан асты. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 37,2%-ға артық. Экспорт – 1,15 млрд доллар, ал АҚШ-тан Қазақстанға импорт 1,89 млрд долларға жетті. АҚШ – Қазақстан экономикасындағы ең ірі инвесторлардың бірі. 1993 жылдан бері АҚШ-тың Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларының жалпы ағыны 62 млрд доллардан асты. Ал былтыр алғашқы үш тоқсанда американдық инвестициялардың көлемі 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 58,8%-ға, яғни 5 млрд долларға дейін өсті. Қазақстанда американдық капиталдың қатысуымен 590-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. АҚШ компаниялары Қазақстан нарығына жоғары қызығушылық танытуда» деді Мұхтар Тілеуберді.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қазақстанға алғаш рет сапарлай келді. Астанада ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды, сондай-ақ ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердімен кездескен болатын.




# АСТАНАНЫ ДАМЫТУ БАРЫСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Мемлекет басшысының Астана қаласын одан әрі дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау жөніндегі шаралар қаралды. Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жаңа бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде қаланы дамытудың 2035 жылға дейінгі бас жоспарын, реновациялаудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын және көгалдандырудың бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу туралы баяндады.

Сонымен қатар Астана қаласының әкімі жаңа тұрғын үйлерді іске қосу болжамдары, үлескерлердің проблемаларын шешу жөніндегі шаралар, ЖЭО-3 және газ жылу станцияларын салу, ауыз су өндіру үшін сорғы-сүзгі станциясын іске қосу, алты қосалқы электр станциясы мен ірі кәріз-тазарту нысанын жобалау туралы хабардар етті. Елорда әкімі автожолдарды салу және жөндеу (30 жоба), Тәуелсіздік даңғылы бойындағы Есіл өзені арқылы өтетін көпірде көлік қозғалысын іске қосу, автобус паркін жаңарту (+400 автобус), LRT жобасын іске асыру, сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептер (24 мектеп), басқа да медициналық және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін ашу жоспарлары туралы айтып берді.

Әлихан Смайылов елордада тұрғын үй құрылысының жоғары қарқынын сақтап, озық инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің маңызын атап өтті. Бұл ретте Үкімет басшысы құрылыс салушы компаниялардың бекітілген нормалар мен жалпы заңнаманы сақтауын бақылауды күшейту қажеттігіне тоқталды. Премьер-министр Астананы көгалдандыру шараларына баса көңіл бөліп, жыл сайын ағаш отырғызу жұмыстарының қарқынын арттыру керектігін айтты.

Кеңесте инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, энергиямен, жылумен, сумен және газбен жабдықтауды дамыту, сондай-ақ заңсыз үйілген қоқыс полигондарын жою туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова және энергетика вице-министрі Әсет Мағауов баяндама жасады.

Талқылауды қорытындылай келе, Премьер-министр мемлекеттік органдарға өз бағыттары бойынша Мемлекет басшысы тапсырған міндеттерді сапалы орындауды тапсырды.

# АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек астаналықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары, сіздерді Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке – достық пен бірліктің, татулықтың жарқын бейнесі.

Дәрігерлерімізге, ұстаздарымызға, коммуналдық қызмет мамандарына, құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және қаланың барлық тұрғынына үлкен алғысымды білдіремін! Әрбір тұрғын қаламыздың дамуына өз үлесін қосып келеді.

Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс және отбасыларыңызға амандық тілеймін! – делінген әкім құттықтауында.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Юрий ИЛЬИН, Төтенше жағдайлар министрі:

**«Осы жылы су тасқыны қардың көп болуына және топырақ қабатының қатты тоңазуына байланысты ауқымды болатын түрі бар. Бұл кезеңнен қауіпсіз өтуге дайындық аясында биліктің барлық деңгейлерінде үлкен жұмыс жүргізілді. Өткен жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, елді мекендерді су басу қаупінің алдын алуда қардың уақытылы шығарылуы маңызды. Жергілікті бюджеттерден қар шығаруға бөлінген қаражатты талдау олардың негізінен ірі қалалар мен облыс орталықтарынан қар шығаруға бөлінетінін, ал көптеген ауылдық елді мекендер назардан тыс қалатынын көрсетеді».**

(28.22.2023 ж. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында айтқан сөзі)

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Перуде ежелгі мумияны 30 жыл бойы тоңазытқышында сақтап келген бір азамат ұсталды.***

Тексеру кезінде тәртіп сақшылары жігіттің сөмкесінен бұрынғы заманда бальзамдалған адам денесін табады. Жас жігіт мумияны қала мұражайына тапсырмақ болып, тоңазытқышта сақтап келгенін айтқан. Қазір тергеу амалдары жүріп жатыр. Ежелгі мысырлықтар «адам денесін мумиялау – оны о дүниеге қауіпсіз өткізу үшін маңызды» деп сенген. Ең ежелгі мумияланған адамның денесі шамамен б.з.д. 3300 жылға жатады.



***Испанияда 9 минутта толықтай қуатталатын қытайлық смартфон арнайы таныстырылды.***

Қытайдың Realme компаниясы жасап шығарған смартфон «ДжТи 3» деп аталады. Бірлестік жаңа телефонын Испаниядағы ұялы телефондарға арналған халықаралық конференцияда таныстырды. Компания өкілдерінің айтуынша, смартфонның 30 секундтық қуаты 2 сағат сөйлесуге жетеді. Бүгінгі таңда бұл смартфон әлемде ең тез қуаттандырылатын құрылғы саналады.



***Вашингтонда тұратын 5-сынып оқушысы қазақ тілін балаларға үйретудің тың тәсілін ойлап тапты.***

Енді смартфондағы ойын арқылы бүлдіршіндер қазақша жаңа сөздер жаттай алады. Балалар арасында өте танымал Roblox платформасының мүмкіндігін пайдаланған Иманғали Тұрсын АҚШ-қа былтыр келген. Ол ойлап тапқан платформадағы ойын арқылы тілді оңай меңгеруге болады. Roblox платформасында қарапайым тапсырмалар жасалып, кез келген пайдаланушы өзінің ойынын құрастыра алады.

# ДӘРІГЕРГЕ РИЗАШЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

Алғыс айту күніне орай елордада Есіл ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Алтын жүрек» мемориалына гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Медицина қызметкерлеріне ризашылық белгісі ретінде салынған ескерткіш алдындағы Тағзым ету іс-шарасына аудан әкімдігі мен қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері қатысты.



Аталған мемориал Алматы және Ақмешіт көшелерінің қиылысында орналасқан. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов бұл ескерткішке гүл қою салтанаты игі дәстүрге айналғанын жеткізді.

– Пандемияда өз өмірін қатерге тіккен абзал әріптестерімiздің игі ісі әр уақытта есте қалары сөзсіз. Тек бұл ғана емес, елорданың денсаулық сақтау саласының дамуына ерен еңбек сіңіріп, ұлт саулығын сақтауда аянбай жұмыстанып жүрген барша әріптестеріме шынайы ниетіммен зор алғыс білдіремін! – деді Тимур Мұратов.

Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы өз сөзінде дәрігер болу басқа мамандық иелеріне қарағанда жауапты әрі өте маңызды жұмыс екенін атап өтті.

– Дәрігерлер – адам денсаулығы мен өмірі үшін үлкен жауапкершілік алатын жандар. Біз маңызды мамандық иелерінің көмегін жер жаһанды жайлаған коронавирус дерті кезінде айтарлықтай сезіндік. Қарусыз майданда алдыңғы шепте арпалысып, адам жанының арашашысы болып жүргендердің еңбегі орасан зор. Біз тұрған «Алтын жүрек» мемориалы 2021 жылы 18 маусымда жаһандық індетпен күрескен барлық дәрігерлерге құрмет ретінде қойылған еді. Оларды еске алу біздің парызымыз деп білемін, – дейді Дәрменияр Қыдырбекұлы.

# БАТЫРЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Алғыс айту күні Астанадағы «Құтқарушылар» алаңына гүл шоғы қойылып, қызмет барысында қаза тапқан батырларға тағзым етілді. Іс-шараға Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты, елордалық Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары және қала тұрғындары қатысты.

«Елде соңғы жылдары болған табиғи апаттарда әр аймақта қызмет ететін төтенше жағдай қызметкерлері міндеттеріне адалдық танытып, тұрғындарды қауіпті жағдайдан құтқаруды кәсібилік танытып жүр. Өзгелерді құтқарамын деп қайтыс болып кеткен құтқарушылар да аз емес. Олардың қатарында Асқар Забикулинді ерекше атаған жөн. Түркияда болған жер сілкінісіне құтқарушылар мен дәрігерлер барып, сын сәтте бірнеше адамды аман алып қалды» деді Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев.

Жиналған қауым іс-шара барысында қызмет барысында қаза тапқан батырлардың рухына тағзым ретінде ескерткішке гүл шоқтарын қойып, бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Дастан Алдабеков, Түркия елшісінің коммуникациялар жөніндегі кеңесшісі Махмут Шевкет Байрам құттықтау сөз сөйледі.

Жиналғандар әр құтқарушыға қауіпті міндетті арқалап жүргені үшін алғыс айтып, еңбегін батырлыққа теңеді.



# «ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС» ЧЕЛЛЕНДЖІ БАСТАЛДЫ

Алғыс айту күнін мерекелеу аясында Астана қаласының 127 білім мекемесінен 6350 бала «Қазақ еліне мың алғыс» челленджін бастады.

Челендждің мақсаты – өскелең ұрпақтың туған елге деген патриоттық сезімін қалыптастыру. Аталмыш іс-шараның қатысушылары Астана қаласы Мектепішілік және Студенттік Парламент белсенділерінен құралған.

Челлендж символы жүрек формасы арқылы ризашылық білдіріп, болашақ пен бүгінгі Қазақстанның ұлттық бірлігіне жауапкершілікті сезіну болып табылады. Челлендж бойынша фото, бейнежазбаларды әлеуметтік желілерден #АстанаданҚазақЕлінеМыңАлғыс хэштегімен көруге болады.

***ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының (ШҰАА) оңтүстік бөлігіндегі биік тауға жаңа оптикалық телескоп орнатылады.***

Жаңа телескоп ШҰАА оңтүстік бөлігіндегі тауда орналасқан бақылау станциясына, теңіз деңгейінен 4250 метр жерге қойылады. Ол үлкендігі бойынша ҚХР-да үшінші орын алады. 1,9 метрлік оптикалық телескоп 2024 жылы маусымда пайдалануға беріледі. Жаңа телескоптың көмегімен алынатын астрономиялық суреттердің сапасы 0,4 бұрыштық секундқа жетуі мүмкін.



***«Битлз» мінген Mini Cooper S Лондон көрмесіне қойылды.***

«Битлздың» қайта қосылуы: Пол Маккартни, Джордж Харрисон және Ринго Старрға тиесілі болған үш Mini Cooper Лондон көрмесіне әкелінді. Бұл модель өткен ғасырдың 60-жылдарында Лондонның символына айналды. Mini Cooper 60 жыл бұрын Лондон көшелерімен жүруге ыңғайлы көлік болса, «Битлз» мүшелері машина коллекциясын жинаушылар еді. Mini Cooper-дің 60 жылдық мерейтойына арналған шараға «керемет төрттіктің» тек үш көлігі жеткізілген.



# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Елордада Астана әкімі Жеңіс Қасымбек пен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Дмитрий Малаховтың жетекшілігімен қалалық әкімдіктің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қорытындысы бойынша енгізілген ұсынымдарды орындау жөнінде кеңес өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында әкімдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомствомен бірлесіп, бірқатар шаралар жүргізіп жатыр. Бизнес-процестер оңтайландырылды, барлық мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа ауыстырылды, елорданың аудандық әкімдіктері «Ашық әкімдік» режимінде жұмысын жүргізіп жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа алғышарттарды жоюдағы жүйелі тәсіл мақсатында әкімдік басқармаларының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.

Мәселен, Білім басқармасы мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту бойынша бірқатар жобаларды қабылдады: балаларды нақты сабаққа қатысу бойынша ашық табельдеу, ЖАО бекіткен тамақтану құны жазылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік шартты енгізу. Сонымен қатар оқу ұйымдарының (мектептер, балабақшалар, колледждер) 39 басшысы ротацияланды.

Мәдениет басқармасы ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарды субсидиялау бөлігінде операторлармен меморандумға қол қойды, оған сәйкес мекемелер отыратын орындардың толық сызбасын көрсетуге және бару билеттерін тек электрондық билеттеу жүйесі бойынша және т.б. сатуға міндетті.

Кеңесте цифрлық технологияларды одан әрі енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетуге және адами факторды болдырмауға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар біріншi кезекте сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын болдырмауға және жоюға бағытталған.

# ЖЕҢІМПАЗДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек 2023 жылғы 22 жасқа дейінгі бокстан Азия чемпионатының және 2022 жылғы бокстан Азия чемпионатының жеңімпаздарымен әрі жүлдегерлерімен кездесті.

22 жасқа дейінгі Азия чемпионатында елордалық спортшы Санжар Тәшкенбай алтын медаль иегері атанды. Чемпионат осы жылдың қаңтар айында Таиландта өткен болатын.

Иштван Бочкаиды еске алуға арналған халықаралық турнирде де (2023 жыл, Венгрия) ағайынды Оралбайлар керемет нәтиже көрсетті. Айбек Оралбай халықаралық турнирдің жеңімпазы атанса, оның ағасы Нұрбек Оралбай қола жүлдегер атанды.

Бокстан (Иордания) XXXII Азия чемпионатында елордалық спортшыларымыз 4 жүлдеге ие болды: Санжар Тәшкенбай мен Айбек Оралбай алтын медаль иегері атанса, тағы екі спортшымыз қола медаль жеңіп алды. «Спортшылармен және олардың жаттықтырушыларымен кездесуде боксты одан әрі дамыту, алдағы жарыстарға дайындық, спортшыларды қолдау шаралары және т.б. мәселелер көтерілді. Проблемаларды шешу жұмысы қолға алынды. Шаршы алаңдағы әрбір жекпе-жек пен жеңістің артында күнделікті тынымсыз жаттығулар, шыдамдылық және үлкен еңбек жатыр. Спортшыларымызға сәттілік пен үлкен жеңістер тілеймін» деді әкім.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

# ОҢТҮСТІК АТАУЫ ЖОҚ, СОЛТҮСТІК ҚАЖЕТ ПЕ?

Жақында Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы «Кеңес заманынан қалған атаулардан арылатын уақыт жетті. СҚО-ға – Қызылжар, Павлодарға – Баянауыл, БҚО-ға – Ақжайық, ШҚО-ға – Алтай деген тарихи атауларын қайтаруымыз керек» деген пікірін айтты. Сонымен қатар, ол өзі депутат болып жүрген кезде Парламентке жер-су аттарын орысша атамау жөнінде ұсыныс жасап, заңға жер аттарын орысша жазуға тыйым салатын норма енгізілгенін де еске салып, «қазіргі заң бойынша жер аттарын орысша атауға тыйым салынады, Абай көшесін Абая деп ауыстырып жазуға болмайды» деп атап көрсетті.

Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Саясаткердің бұл орынды ұсынысы қазір қоғамда қызу талқыланып жатыр. Әсіресе жылдар бойы жыр болған жер аттарын ауыстыру жөніндегі ұсынысқа қарапайым халық та қуана қолдау көрсетуде.

Әрине, Батыс Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы деген географиялық атаулардың шұбалаңқы екені рас. Бірақ соған қарамастан бұл атаулар күні бүгінге дейін қолданыстан қалмай келеді. Кеңес заманы кезінде орнығып, әбден тіліміз үйреніп кеткен бұл атаулардың арасынан тек «Оңтүстік Қазақстан облысын» Түркістан деп өзгерттік те қалғанын қалдырдық. Ягни солтүстігі бар Қазақстанның оңтүстігі жоқ. Демек, жағрапиялық атау тұрғысынан алғанда, біздің төрт бағытымыз түгел емес, бір аяғы жоқ барыс сияқты, ақсақ. Кезінде Ғабит Мүсірепов «оңтүс», «солтүс» деп жазғанын да ескеру керек.

Осы тұрғыдан алғанда, іргелі облыстарды жағрапиялық орналасу бойынша атамай, Қызылжар, Ақжайық, Алтай десек, құба-құп болар еді. Өскеменнің «Кеңгір Тұра» деген тарихи атауын да ескеру керек. Бұл Жаңа Қазақстандағы жаңа бір ишара, қадам болар еді...

№25 (4458) 02/03/2023 Бейсенбі




# «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮМІТКЕРЛЕРІ «КҮЙГЕНЖАР», «МИЧУРИН», «ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЙ» ТҰРҒЫН АЛАПТАРЫН АРАЛАДЫ

28 ақпанда Amanat партиясы Астана қалалық филиалының мобильді тобы «Күйгенжар», «Мичурин», «Интернациональный» тұрғын алаптарына барып, тұрғындардың мәселесін тыңдады және партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндірді.



Amanat партиясы атынан Астана қаласының мәслихат депутаттығына үміткерлер тұрғындарға сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Тұрғындар тарапынан ауылдық жердегі байланыс жүйесін жақсарту, кітапхананы жаңа кітаптармен толықтыру, ауылға жас мамандарды тарту, жалақысы жоғары жұмыс орындарын құру және басқа да мәселелер бойынша сұрақтар қойылды.

*«Шалғай ауылдардың тұрғындары үшін облыс орталығына жету үшін біраз шақырымды жүріп өту қажет. Ал жолдың нашарлығынан қарттар мен көлігі жоқ адамдар үшін діттеген жеріне жету тіптен қиын. Сондықтан біз өңірлерді аралаймыз. Ауыл тұрғындарын алаңдатқан мәселе көп. Оның қатарында ауылды жарықтандыру, жолдарды жөндеу, таза сумен қамту сынды мәселелер көтерілуде. Біз жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясы арқылы ауыл халқының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасын іске қостық. Үкіметтің 2027 жылдың соңына дейін агроөнеркәсіптік кешендерді кемінде 500 миллиард теңге сомаға қаржыландыра отырып, 100-ден астам инвестициялық жобаны іске асыруын қадағалаймыз» деді Астана қаласы мәслихатының депутаттығына үміткер Бибігүл Ысқақова.*

Тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдаған кандидаттар атқарушы билік өкілдеріне жолдайтынын және алдағы уақытта да бақылауда ұстайтынын жеткізді.

*«Біз қаланың тұрғын алаптарын қамтуды жоспарлап отырмыз, сол арқылы ерекше назар аударылады. Шалғай учаскелердің, шағын аудандардың тұрғындары филиалдың бізге келуіне әрдайым уақыт пен мүмкіндікке ие бола бермейді. Партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінің мобильді сапарлары тұрғындардың өтініштеріне жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар иеленіп кеткен жерлердің жүйелі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді» деді Amanat партиясынан Астана қаласының бір мандатты округі бойынша қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Азамат Айтхожин.*

Amanat партиясы шекарада орналасқан ауылдардың мәселелерін шешуге күш салады. Әр ауылда, тіпті шекарада жатқан, шалғай және жетуі қиын ауылдарда да интернет болуы керек. Сондықтан қазақстандық байланыс спутниктерінің көмегімен елдің 500 шекаралас, шалғай және жету қиын ауылын интернетпен қамтамасыз ету көзделген.

***Астана қаласы мәслихат депутаттарын сайлауда партиялық тізімді ұсынған Amanat партиясының сайлау қорының қаражатынан төленді.***

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

Сарыарқа ауданы
№ 14 округ
Район Сарыарқа

НЕГЕ
Марат НАБИЕВ?
ӨЙТКЕНІ, ӨЗІМІЗДІҢ АЗАМАТ!

*М.А. Набиевтің сайлау қорынан қаржыланды. Тапсырыс беруші Набиев М.А.*

# КІМГЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ?

Әрине, алғыс алған жақсы. Адамға алғысы жоқтың – Алла тағалаға алғысы (шүкірі) жоқ дейді. Адамзатқа алғыс тілеу – жақсы қасиет, игі үрдіс.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Биыл жетінші рет аталған бұл мерекенің маңызы сонда – 1-наурыз – қиын-қыстау кезеңдерде қуаныш-қайғыны бөлісіп, пана бола білген қазақ халқына өзге ұлт өкілдерінің алғыс айтатын күні ретінде белгіленген. Осыған орай елімізді түрлі-түрлі іс-шаралар, челлендж, жиындар, концерттер өтіп жүр.

Соңғы уақытта көбіне бұл мерекені тума-туыс, бауырға, ата-анаға, ұжымдастарға немесе таныс дос, жарандарға алғыс айту ретінде қабылдап жүргеніміз де – жақсылықтың белгісі. Жақсы адамдарға ізгі тілек ешқашан да көптік етпейді, қайта адамдар арасын жақындастыра түседі, ұлт болып ұйысуға себі бар. Бірақ, осы мерекені ішкі, сыртқы идеологияны жүргізуде ерекше қолданған жақсы ғой деген ойдамын. Тәуелсіздік алғалы туып-өскен Қазақстанды қимағанымен, сыртқа, өз Отандарына көшкен көрші-көлем, таныстарымыз жетерлік. Анамның мақта зауытында бірге жұмыс істеген Петро Либерт деген неміс инженер жігіті 90-жылдары тарихи Отанына отбасымен көшті. Кейін біздің елде қалған әке-шешесінің зиратына зияраттап келгенде апама соғып, жылап, «Қазақстаныма жетер жер жоқ, қазақтар секілді қонақжайлылық, қарапайымдылық басқа елде жоқ, әсіресе, соны сағынамын, қайтып келе алмаймын...» деп мұңайған екен... Петро сияқты Грекия еліне көшкен, Кореяға кеткен, Украинаға кеткен, тіпті Латвияға көшкен басқа ұлттар көп. Олардың біздің жерлерді игеріп, кеңшарларды кеңітуге, техникамыздың дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Оның бәрін бала кезімізде көзімізбен көріп, көрші ретінде қоян-қолтық араластық, шаруақор, еңбекқорлығынан үлгі алдық.

Әрине, сырттағы қандастарымызды елге көшіріп алу – маңызды мәселе ғой, осы мақсатта көші-қонға қатысты небір бағдарламалар қабылданып жатыр, ол енді басқа мақаланың тақырыбы. Бүгін айтайын дегенім, сол сыртқа кеткен, соғыс жылдарынан кейін, тың игеру жылдарында депортацияланып, жерімізге көшіп келіп, жергілікті қазақтармен бір нанды бөлісіп жеп, халқымыздың кеңдігін көріп, қамқорлығын мен жақсылығын сезінген өзге ұлт өкілдерімен де байланыс орнатып, ішкі, сыртқы саясатты жүргізуде жақсы бір жақтарын еліміздің болашағына пайдаланса, олар туралы мәліметтер базасын жасақтап, қазақ халқына алғысын тек әлеуметтік желілерде ғана емес, БАҚ-та, ресми сайттарда жариялап, ұлттық идеологияның бір жақсы ұстынына айналдырса деген тілек бар. Өзімізді өзіміз мақтағаннан гөрі, тарихтың небір солақай саясатының салдарынан, небір нәубет күндерде бірге тіршілік кешіп, бір топырақта өскен отандастарымыздың алғысын әлемнің түкпір-түкпірінен алып отырмасақ, ол адамдар да қартайып, жасы ұлғайып келеді, кейінгі ұрпақтары біле бермеуі де мүмкін, тарих беттеріне осындай ұлтымызға, ұрпақ тәрбиелеуге қажет дүниелер тайға таңба басқандай тасқа басылып қалса дейміз.

Алғыс айту күні атына заты сай, артына қалдырар тағлымы мол атаулы күн ретінде қаларына тағы да сенгіміз келеді.



# БЕРЕКЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ – СЫЙЛАСТЫҚ

Барша Қазақстан халқы көктем мезгілімен бірге келетін Алғыс айту мерекесін тойлап жатыр. Мұнда еліміздегі барлық этнос өкілі бір-біріне және қазақ халқына алғыс айтады. Өйткені кезінде осында жер ауып келген өзге ұлт өкілдерін ата-бабаларымыз құшақ жая қарсы алған еді. Қазіргі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір-бірімен ауызбіршілікте және татулықта өмір сүріп жатыр.

2016 жылдан бастап Қазақстан халқы Алғыс айту күнін жыл сайын атап өтіп келеді. Астанадағы «Жайхун» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Тазабике Салиева бұл мерекені қажет деп есептейді. Сондай-ақ ол еліміздегі ауызбіршілік пен ынтымаққа тәнті екенін жеткізді.

– Алғыс айту күнін тойлай отырып, әрбір күніміздегі алғысты күнделікті ізігілікті істеріміз арқылы жеткізіп отыруымыз қажет деп ойлаймын. Бұл мереке – сыйластықтың белгісі. Осы күні ата-анамызға, достарымызға және айналамыздағы жандарға алғыс айтамыз. Бұл мерекені Ассамблея да атап өтеді. Сондай-ақ «Жайхун» этномәдени бірлестігінің өкілдері яғни біз бір-бірімізге алғыс айтамыз, – деп сөзін түйіндеді бірлестік жетекшісі.

AMANAT

# ЖОЛ САПАСЫНА МӘН БЕРЕДІ

Amanat партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттар Қостанай облысының Тобыл қаласында ауыр жүк көлік жүргізушілерімен кездесті.

Кәсіпорын жұмысшылары алдында сайлаушылар партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндіріп, азаматтардың өтініш-тілегіне құлақ асты. Көлік жүргізушілерінің айтуынша, мұнда ең алдымен, ауданаралық автожолдардың жай-күйі мәз емес.

«Әр аймақта жолға қатысты мәселе бар. Amanat партиясы алдағы 5 жылда жол құрылысы мен жөндеу жұмысына айрықша мән береді. Мәселен, партия 2 мың шақырымнан астам облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды, сондай-ақ елді мекендердің көшелерін жөндеуге атсалысады» деп атап өтті ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Альберт Рау.

Оның сөзінше, бұл шаралар 2027 жылға қарай жергілікті маңызы бар жолдардың үлесін 85%-дан 99%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ үміткерлер «Тобыл Арена» спорт кешенінің ұжымымен жүздесті. Кандидаттар партияның сайлауалды бағдарламасындағы басым бағыттарды таныстырды. Өңірде салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданатын азаматтар саны 41,9%-ды құрайды. Кездесуде сайлаушылар спортқа ерекше қолдау қажет екенін атап өтті.

Amanat партиясының бағдарламасында ауылдық жерлерде 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін, 13 спорт нысанын салу, 2 спорт нысанын, оның ішінде 1 стадион мен 1 спорт залын қайта жаңғырту және күрделі жөндеуден өткізу жоспары бар. Сондай-ақ спорт секцияларын, балалар мен жасөспірімдерге, жастарға арналған дене шынықтыру клубтарын ашуға назар аударылады» деді партияның облыстық сайлауалды штабы төрағасының орынбасары Серік Шыңғысұлы.

Кандидаттар сайлаушылардың ұсыныс-тілегіне мән беріп, алдағы сайлауға белсенді қатысуға шақырды.

АУЫЛ

# АУЫЗСУ АЛАҢДАТАДЫ

«Ауыл» партиясынан ҚР Парламентінің Мәжілісі депутаттығына кандидаттар Қайрат Айтуғанов, Николай Арсютин, Серік Егізбаев, Рабиға Тоқсейітова, София Әбдіразақова Қазақстанның солтүстігіндегі үш облысты ауызсумен қамтамасыз етіп отырған «Есіл су» РМК ұжымымен кездесті.

Құрамына Булаев, Есіл, Соколов, Преснов топтық су құбыры кіретін «Есіл су» РМК Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай облысының 250-ге жуық елді мекенін, 200 мыңға жуық тұрғынын ауызсумен қамтамасыз етеді. Жиында сөз сөйлеген Мәжіліс депутаттығына кандидаттар әлемдігі таза су тапшылығы жайлы жалпы мәлімет келтіріп, аталған үш өңір халқын тіршілік нәрімен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорын қызметкерлерінің жұмысын ерен еңбек деп бағалады.

– БҰҰ-ның мәліметі бойынша, әлем халқының жартысына жуығы су тапшылығын сезінеді. Соның ішінде, әсіресе, таза ауызсу мәселесі өзекті. Сарапшылардың айтуынша, жер бетінде 780 миллионнан астам адам таза ауызсуға қол жеткізе алмай отыр. Ал 1,7 миллиард адам тұщы су көздеріне зәру. Әлемде жыл сайын таза судың жоқтығынан, соның салдарынан болатын антисанитариядан мыңдаған адам көз жұмады. Елімізге келер болсақ, 2025 жылға дейін қалалар 100 пайыз, елді мекендер 80 пайызға ауызсумен қамтылмақ. Бұл – сіздердің және сіздердің әріптестеріңіздің ерен еңбегінің арқасы. Сіздер тартқан су құбыры әлем бойынша тартылған ең ұзын су құбыры ретінде Гиннестің рекордтар кітабына кірді. «Ауыл» партиясының басты мақсаттарының бірі – сіздердей еңбек адамына деген құрметті қайтару. Біз тек сіздермен ғана елімізді индустриалды-аграрлық державаға айналдырамыз және сол арқылы бақуатты ауыл, дамыған қала мен қуатты мемлекет қалыптастырамыз, – деді «Ауыл» партиясы атынан Мәжіліс депутаттығына кандидат Қайрат Айтуғанов.

РЕСПУБЛИКА

# КӘСІПКЕР МҮДДЕСІ – НАЗАРДА

Астанада Respublica партиясының өкілдері тау-кен, металлургия және осы салалардағы технологиялық материалдар мен жабдықтар жеткізетін уәкілетті дилер PES Global компаниясының еңбек ұжымымен кездесті.

Депутаттыққа кандидаттар Қуанышбек Мұқаш, Олжас Құспеков және Бақытбек Хамит жиын барысында кәсіпкерлердің дәл қазіргі мәселелерін талқылап, Respublica партиясының мақсат-міндеттеріне тоқталды.

Respublica партиясының миссиясы – мемлекеттік басқару жүйесінде қазақстандық кәсіпкерлердің мүдделерін біріктіруге және ұсынуға арналған саяси күш құру. Кәсіпкерлікті дамыту қазақстандық экономиканың жаңа драйверіне және ел азаматтарының әл-ауқатының негізіне айналады деп ойлаймыз» деді Мәжіліс депутаттығына кандидат Олжас Құспеков.

Ал партия өкілі Қуанышбек Мұқаштың айтуынша, Қазақстан кәсіпкерлері бюрократия мен сыбайлас жемқорлыққа жиі ұшырайды, бұл адамдарды өз ісін жүргізуден алшақтатады, өйткені мұндай жағдайда бизнестің ұзақ мерзімді даму стратегиясын құру қиынға соғады. Қазіргі жағдайда Қазақстанға кәсіпкерлік саласында сапалы өзгерістер қажет деп есептейді Respublica партиясы.

– Біз мектептен бастап қалыптасатын күшті және тұрақты кәсіпкерлік мәдениетті жасауға және дамытуға баса назар аударамыз. Екіншіден, нақты және тұрақты ережелері бар бизнесті қалыптастыру қажеттігін түсінеміз. Ол үшін сауатты әрі түсінікті салық кодексін әзірлеп, бекітуді ұсынып отырмыз, оны үш жыл бойы өзгертпеу керек, – деді Қ.Мұқаш.

Осылайша, Respublica күшті кәсіпкерлік мәдениетті құруға және дамытуға баса назар аударады. Олар нақты және тұрақты ережелері бар бизнес-ортаны қалыптастыру, қолжетімді қаржы құралдары мен қызметтеріне кең қолжетімділікті қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту, бюрократиялық кедергілерді азайту және квазимемлекеттік сектордың нарықтық билігін шектеу сияқты бастамаларды көтеріп отыр.

QAZAQSTAN HALYQ PARTIASY
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА

# ЖАЛАҚЫНЫ ӨСІРУДІ ҰСЫНДЫ

ҚХП төрағасы, Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидат Ермұхамет Ертісбаев пен партия мүшелері Ирина Смирнова мен Асылбек Нұралин Өскемендегі ГЭС пен облыстық ІІД қарасты емхана ұжымымен кездесті.

Спикерлер партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарын тілге тиек етті.

Партия төрағасы жер және жер қойнауы халыққа тиесілі болу керек дегенді ерекше атап өтті.

– Біз еліміздің әрбір азаматына ұлттық байлықты қайтару тетігін іске қосуға қол жеткізуіміз керек. Мәжіліс қоғамдық мүддені білдіретін барлық оқиғаларға парламенттік тергеу жүргізу құқығына ие болуға тиіс. Осылайша біз халықтың объективті ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеміз. Республикалық бюджеттің атқарылуын тексеру өкілеттігі бар Аудиторлық палата Мәжіліс құрамына кіруі тиіс. Бақылау функциясы сенімді ақпаратты қалпына келтіру үшін қажет. Себебі үкіметтің қазіргі есеп беру тәсілі сырғытпа жауап тәріздес, – деді ол.

Партия төрағасынан соң сөз алған спикерлер ауылдық округ әкімдерін іріктеу критерийлеріне қатысты жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңды өзгертуді талап ететінін айтып, кәсіпорынды заңсыз жекешелендіру немесе өзге де құқықтық және салықтық заң бұзушылықтар анықталған жағдайда оның күшін жойып, инвестор мен мемлекеттің міндеттемелерін қайта есептеу қажет екенін алға тартты. Олардың пікірінше, барлық деңгейдегі әкімдерді тікелей дауыс беру арқылы халық сайлауы керек. Әкім міндетін дұрыс атқара алмаған жағдайда халық оны кері қайтаруы тиіс.

Партия өкілдері ең төменгі жалақы үш адамнан тұратын отбасын асырауды қамтамасыз етуі керек деген пікірде. Бұл үшін ең төменгі жалақы мөлшерін 140 мың теңгеге дейін жеткізу керек.

BAYTAQ
JASYLDAR PARTIASY

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫН ЖЕТКІЗЕДІ

«Қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін көтеру қажет» дейді байтақтықтар. Алматы қаласында жасылдар партиясының өкілдері, Мәжіліс пен қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер студенттермен бірігіп, экологиялық тәрбиенің маңызы жайында дөңгелек үстел өткізді.

Партия өкілдері қазақстандықтар арасында өткізген сауалнама нәтижиесінде халықтың тек 47 % қоршаған ортаның мәселелерін түсініп, экологиялық өмір сүру салтына көшу арқылы ғана оны шешуге болатынын түсінетінін анықтаған. «Байтақ» партиясының қолдауымен ұйымдастырылған ауқымды іс-шараға Алматы жастарының жүзге жуық өкілі қатысты. Дөңгелек үстелде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар Арман Қашқынбеков пен Айнұр Сәбитова сөз сөйледі. Сонымен қатар, кездесуге елордалық мәслихаттың жасылдар партиясынан депутаттығына кандидаттар мен Астана қаласы штабының мүшелері, 18 жастан асқан жастар, студенттер мен қоғамдық пікір көшбасшылары қатысты. Кездесу барысында халыққа экологиялық білім беру жайында ұсыныстар әзірленіп, байтақтар осы тақырыпта жаңа жоба ұсынатын болады.

Елордадағы №2-сайлау округінде өткен кезекті кездесуде тұрғындар Арқаның алты ай қысында аулалардағы қалың қардың уақтылы күрелмейтінін, көктайғақ салдарынан көлік қатынасы қиындап, жаяу жүргіншілердің жүріп-тұруына қауіп төндіретініне қынжылыс білдірді. Сонымен қатар, күн жылына бастаса болды, еріген қар суынан көшелер көлкіп, аулалар мен балалар алаңқайында аяқ алып жүру мүмкін еместігін ашынып айтты.

«Қытымыр қыстың аязды күндерінде пәтерлердегі жылу деңгейі едәуір төмендеп, кейбір көпқабатты үйлердің тұрғындары бүрсең қағып шығады. Бұл аздай, ыстық су да тұрақты берілмей, алаңдаушылық туғызады».

№2 округ тұрғындарының осындай талап-тілегімен танысқан «Байтақ» партиясының белсенділері түйіні тарқамаған түйткілдерді ұдайы назарда ұстап, талайдан бері шешімін таппаған шетін мәселелерді жергілікті атқарушы биліктің алдына көлденең тартатынын жеткізді.

АҚ ЖОЛ
Демократиялық Партиясы

# ПАРТИЯ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Азат Перуашев бастаған «Ақ жол» демократиялық партиясының республикалық штаб мүшелері «ҚазЖол» ғылыми-зерттеу институты ұжымымен кездесті.

Былтыр «Ақ жол» фракциясы жол құрылысының құнын төмендету мен сапасын арттыру, битум тапшылығын шешу, жаңа технологиялар мен материалдарды енгізу мәселелерін парламентте бірнеше рет көтерді. Осы мәселе бойынша жол-көлік саласы кәсіпорындары қауымдастығының, Индустрия министрлігінің, автомобиль жолдары комитетінің, «Қазавтожол» АҚ және ғылыми ұйымдардың қатысуымен фракцияның екі отырысын өткізді. Үкіметке бірқатар сауалдар жолдады. Нәтижесінде Индустрия министрлігі осы саладағы технологиялық зерттеулер мен жаңашылдықтарды қолдауға, ғылыми кадрлар мен зертханалық базаны нығайтуға шешім қабылдады.

Кездесу аясында ғылыми-зерттеу институтының ұжымымен «Ақ жол» партиясының бағдарламасы талқыланды. Ұжымда жастар көп, сондықтан сайлаудың әділ өтуі үшін IT технологияларды қолдану, сайлаушының дауысы кімге жазылғанын кері бақылау мүмкіндігі, сайлау бюллетеньдерін беру кезінде бейнебақылау және құжаттарды сканерлеуді енгізу және т.б. туралы сұрақтар қойылды. Сондай-ақ кездесуге қатысушыларды ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру, ШОБ-ты дамыту мүмкіндіктері мен шенеуніктердің қысымынан қорғау мәселелері де қызықтырды. Шағын кәсіпкерлік үшін патентті қолданудың шекті деңгейін ЖЖА-да 60-70 млн тг дейін кеңейту қажеттілігі; бизнеске негізсіз зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың жеке жауапкершілігін енгізу және т.б. туралы айтылды.

«Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Берік Дүйсембинов пен партияның Астана қалалық филиалының төрағасы Асқар Смағұлов парламенттік талқылау мен қалалық мәслихаттағы фракция жұмысынан мысалдар келтірді.

# КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының мүшелері үгіт-насихат жұмыстарын жалғастыруда. Партия мүшелері елордадағы «Астана су арнасы» мекемесінің қызметкерлерімен кездесті. Жиында ұжым еңбеккерлері қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді көтерді. Өз ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. Алаңдатқан сұрақтарын қойып, жауап алды. Шара барысында саяси ұйымның сайлауалды бағдарламасы түсіндірілді. Жалпы партия белсенділері бүгінге дейін 300-ге жуық іс-шара өткізген.

Осыдан бұрын, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) барлық қазақстандар үшін тегін жоғары білім енгізуді ұсынған болатын. Бұл білімді азаматтарымыздың шетел асуына кедергі болып, кәсіби мамандардың тапшылығына қатысты мәселені шешуге септігін тигізеді деп санайтындарын жеткізген еді.

ЖСДП-ның бағдарламасында тегін жоғары білім қажеттілігі атап өтілген. Статистикаға сүйенер болсақ, жыл сайын қазақстандық мектептерден түлеп ұшатын оқушылардың 60 мыңы шетелге оқуға түседі. Оған бірнеше себеп бар: білім сапасына кері әсерін тигізетін орта және жоғары білім беру мекемелеріндегі жемқорлық және ҚР-дағы тым қымбат білім ақысы. Шетелдік жоғары оқу орындарындағы білім біздің елмен салыстырғанда әлдеқайда арзан.

Партия мүшелерінің пікірінше, Қазақстандағы қымбат ЖОО-ларда олигархтардың балалары ғана білім алады. Екінің бірі түсе алмайтын «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» түлектері де әдетте шетелдік жоғары оқу орындарын таңдайды. «Соңғы жылдары көптеген білікті мамандарымыз елден кетуде. Мемлекеттік тілге де жеткілікті көңіл бөлінбеуде. Биліктегілер мемлекеттік тілді насихаттауға қауқарсыз, не мұны расымен қаламайды» деп атап өтті депутаттыққа кандидат Мақсұт Насибулов.

№25 (4458) 02/03/2023 Бейсенбі



БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ:

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Өткен жылы Астана қаласының Байқоңыр ауданында 55 аула абаттандырылды, оның 15-і «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүргізілді. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев мәлімдеді. Осыдан бес жыл бұрын құрылған ауданның 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы айта келе, аудан басшысы алдағы жоспарларымен бөлісті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

### АУДАН АУЛАЛАРЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

– Байқоңыр ауданының жалпы ауданы 18 129 га құрайды. Тұрғындар саны – 233 375 адам. Аудан аумағында «Өндіріс», «Кирпичный», «Казгородок» тұрғын алаптары және 12 саяжай қауымдастығынан тұратын «Қоянды» саяжай алабы орналасқан, – деді Ерлан Жаулыбаев.

Өткен жылы аудан аумағында 7 қоғамдық орын жабдықталды, оның 4-ін аудан әкімдігі өткізді. Бұл – Бараев көшесінде, Ақбұлақ өзенінің жағасында және Есіл өзенінің жағасында, сондай-ақ Шәкен Айманов көшесіндегі Ататүрік атындағы саябақта орналасқан кеңістіктер. Қоршаған ортаны қорғау басқармасы арқылы Пушкин көшесіндегі 8-үйдің, Абай даңғылындағы 57/1-үйдің және Иманов көшесіндегі 32-үйдің жанындағы қоғамдық кеңістіктер ретке келтірілді. 13 футбол алаңы, 3 баскетбол алаңдары, 1 хоккей корты, 304 көше тренажерлері, 600 шағын сәулет нысандары, 70 жарықтандыру бағанасы, 30 000 $м^2$ төсеніш жабыны, 45 000 $м^2$ асфальтбетон жабыны жайластырылды.

– Ағымдағы жылы аудан аумағындағы тағы 8 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр. Оның ішінде бес нысан, атап айтсақ, «Беласар» көпірінің астындағы кеңістік – Тәуелсіздік даңғылынан Амман көшесіне дейінгі аралық, «Егемен Қазақстан» газеті мен Бейсекбаев көшелерінің арасында – Кенесары көшесі, Кенесары көшесінен Абай даңғылына дейін және Кенесары көшесі, 73 мекенжайына дейін – «Егемен Қазақстан» газеті көшесі аудандық әкімдік арқылы абаттандырылады. Ал Қоршаған ортаны қорғау басқармасы арқылы Таха Хусейн мен Тәшенев көшелерінің қиылысында, сондай-ақ Абай, 99 бойында және «Жастар» сарайының алдында орналасқан кеңістік қайта жабдықталады, – деді аудан басшысы.

Аудандағы аулалардың жалпы саны – 239. Олардың 180-і немесе 75 пайызы абаттандырылған. Соның ішінде 2022 жылы 55 аула абаттандырылды, оның 15-і «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүргізілді. Биыл тағы 8 қоғамдық кеңістік салынады. Сонымен бірге 2023 жылы 25 ауланы, оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 15 ауланы абаттандыру жоспарлануда.

### ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Аудан бойынша күнделікті көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшелер мен аула аумақтарын жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Ескірген жарық шамдары айырбасталып, заманауи диодты шамдар орнатылса, электр энергиясын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдар да орнатылуда.

Жарықтандыру аспаптарын орнату бойынша жұмыстар ауданның барлық көшелерінде жүргізілді.

– 2022 жылы аудан аумағында 216 көше бойынша 131 жаяу жүргіншілер өткелінде электр желісі ауыстырылды. Жарықтандыру аспаптарын орнату бойынша жұмыстар ауданның барлық көшелерінде, сондай-ақ 446 көппәтерлі тұрғын үйдің кіреберістерінде, балалар алаңдарында жүргізілді, орамішілік кіреберістер мен өтпелер жарықтандырылды, жарықтар саны – 1251 дана, – деді Е.Жаулыбаев.

Биыл Байқоңыр ауданындағы Алаш тас жолы, әл-Фараби даңғылы мен Пушкин көшесінде ұзындығы 18,81 шақырым кабельдік желілерді ауыстыру көзделіп отыр. Сонымен бірге Уәлиханов, Иманов, Пушкин, Кенесары, Жаңажол көшелеріндегі уақытша әуе кабельдік желілерін ауыстыру, жұмыс істеп тұрған 13 кешенді трансформаторлық қосалқы станцияларды қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

– Бүгінгі таңда аудан тұрғындарының тілегімен А.Сембинов, 9/1, Кенесары, 70, А.Бараев, 10/4, Кравцова 5/2, Т.Хусейн, 3, С.Рахымов, 22, Көктомар, 18, Игілік, 4 мекенжайларында жарықтандыру жұмыстары жүргізілді, – деді аудан әкімі.

### КӨШЕЛЕР КӨРІКТЕНДІРІЛУДЕ

Жол және көлік инфрақұрылым бойынша аудан аумағындағы көшелер саны – 216. Бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 194 шақырымды құрайтын 177 көше асфальтталған. 39 көшеде немесе 32 шақырым аумақта асфальт жоқ. Өткен жылы жолдардың 6,5 шақырымында орташа жөндеу жүргізіліп, 34 учаскеге фрезерлік материал төселді. Биыл орташа жөндеу 18 көшеде немесе 14 шақырымда жүргізілмек.

2022 жылы 11 көше, ұзындығы 6,426 км жолдар орташа жөндеуден өтті. 2023 жылы ұзындығы 11,7 км құрайтын 11 көше жөнделеді.

Аталмыш ауданға 53 автобус бағдары қатынайды. Оның ішінде «Өндіріс» тұрғын алабына 24, 24А, 30 автобустары және 1, 1А, 6, 11 автобустары «Кирпичный» тұрғын алабына барады.

Байқоңыр ауданында 211 аялдама нүктесі бар. Соның ішінде 147-сі – вандалдыққа қарсы типте, 28-і – жылы аялдама. Ал 22 нүктеде аялдама жоқ. Былтыр 8 жылы, 3 вандалдыққа қарсы павильон орнатылды. Биыл 10 жылы, 8 вандалдыққа қарсы аялдама орнату жоспарланып отыр.



### АЙНАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ – САУАПТЫ ІС

Көгалдандыру бойынша өткен жылы біраз жұмыстар жүргізілді. Мәселен, өткен жылы аудан аумағына 2 мыңға жуық ағаш пен 10 мыңнан астам көпжылдық бұта отырғызылды. Биыл тағы 10 мыңнан аса бұта мен 3 мың ағаш отырғызылмақ.

– Ағымдағы жылы аудан аумағында 3 мыңнан астам ағаш, 10 мың бұта және басқа да тал-теректер отырғызу жоспарлануда. Өткен жылы жергілікті суару жүйесін орнатуға ерекше көңіл бөлдік. Биыл бұл жұмыс жалғасады. Әсіресе, Жамбыл Жабаев скверi мен Ақбұлақ өзені бойында, Тәуелсіздік даңғылынан бастап Шәкәрім Құдайбердіұлы көшесіне дейінгі аралықты осы жүйемен қамтимыз. Сондай-ақ Ататүрік, Кравцов көшесі, 2-4, Тәшенев көшесі мен «Егемен Қазақстан» газетінің маңындағы скверлерде, Пушкин көшесі, 15 үйдің ауласында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді Е.Жаулыбаев.

Аудандағы 38 көшеде ұзындығы 63,3 шақырымдық нөсер кәрізі жүйесі бар. Бұған қоса, 58 көше арық жүйесіне қосылған. Оның ұзындығы 18,4 шақырымды құрайды.

– Сабыр Рахимов, Шара Жиенқұлова, Таха Хусейн, Шәкен Айманов сынды үлкен көшелерде нөсер кәрізі жүйесі жоқ. Бұл аумақтарды жаңбыр жауғанда, қар ерігенде ерекше бақылауда ұстап отырамыз. Өткен жылы су тасқыны кезінде үйлерді су басу қаупі болған жоқ. Себебі 2022 жылы 2 423 метр арық орнаттық. Биыл тағы 2 мың метр аумақта арық орнатылады, – деді аудан басшысы.

Байқоңыр ауданында 21 мердігер ұйым айналаны санитарлық тазартумен айналысады. Олар 16 млн шаршы метр аумақты алып жатқан көшелерді тазалайды.

– Жалпы даңғылдарды, көшелерді, қысқа көшелерді, орамішілік жолдарды қосқанда аумақтың ұзындығы 310 шақырымға жуықтайды. Бұл жұмыстарға жұмылдырылатын аудандағы арнайы техника саны – 257 бірлік. Жол жұмысшыларының саны – 403 адам. Шұңқырлар саны – 48 бірлік. ҚТҚ жинауға арналған нүктелер саны – 599 бірлік. Қоқыс контейнерлерінің саны 2399 бірлікті құрайды, – деді аудан әкімі.

2022-2023 жылдардағы қысқы кезеңде аудан аумағынан 114 900 текше метр қар шығарылды.

2021-2022 жылдар аралығында ауданда 17 көшеде жалпы ұзындығы 5 мың 500 м арық-науа желілері жабдықталды, сондай-ақ арық-науа желісін тазарту бойынша жұмыстар уақтылы жүргізілуде, 14 000-нан астам арық кенті тазартылды.

Аудан тұрғындарына 9 денсаулық сақтау нысаны, оның ішінде аудан аумағында 5 нысан қызмет көрсетеді.

Байқоңыр ауданының аумағында 2 ірі мәдениет нысаны жұмыс істейді.

## БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



АУДАНДАҒЫ АУЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ – 239. ОЛАРДЫҢ 180-і НЕМЕСЕ 75 ПАЙЫЗЫ АБАТТАНДЫРЫЛҒАН. СОНЫҢ ІШІНДЕ 2022 ЖЫЛЫ 55 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛДЫ, ОНЫҢ 15-і «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖҮРГІЗІЛДІ. БИЫЛ ТАҒЫ 8 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК САЛЫНАДЫ.

2022 ЖЫЛЫ АУДАН АУМАҒЫНДА 216 КӨШЕ БОЙЫНША 131 ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ӨТКЕЛІНДЕ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ АУЫСТЫРЫЛДЫ.





АУДАНДАҒЫ КӨШЕЛЕР САНЫ – 216. БҮГІНГІ ТАҢДА ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 194 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН 177 КӨШЕ АСФАЛЬТТАЛҒАН. 2022 ЖЫЛЫ 11 КӨШЕ, ҰЗЫНДЫҒЫ 6,426 КМ ЖОЛДАР ОРТАША ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ АУДАН АУМАҒЫНА 2000-ға ЖУЫҚ АҒАШ ПЕН 10000-нан АСТАМ КӨПЖЫЛДЫҚ БҰТА ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. БИЫЛ ТАҒЫ 10000-нан АСА БҰТА МЕН 3000 АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛМАҚ.



2021-2022 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА АУДАНДА 17 КӨШЕДЕ ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 5500 м АРЫҚ-НАУА ЖЕЛІЛЕРІ ЖАБДЫҚТАЛДЫ, 14 000-нан АСТАМ АРЫҚ КЕНТІ ТАЗАРТЫЛДЫ. 2022 ЖЫЛЫ 2 423 метр АРЫҚ ОРНАТЫЛДЫ. БИЫЛ ТАҒЫ 2 000 метр АУМАҚТА АРЫҚ ОРНАТЫЛАДЫ








# ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР ҚАШАН ЖОЙЫЛАДЫ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

> «Баяғы жартас – сол жартас» демекші, осы уақытқа дейін мектеп оқулықтарының сапасыздығы туралы қанша рет айтылса да, бірақ әлі күнге дейін еш нәтиже жоқ. Министрлік уәдесінде тұрып, сараптама жұмысының сапасын ретке келтірсе, олқылық азая түсер еді. Жыл сайын қайталанатын бұл қателіктерді жаңа оқу жылы басталысымен оқулықтарды парақтағанда көретініміз шындық.

### НЕГЕ ҚАТЕ КӨП?

2019 жылы Мәжіліс депутаты Бақытжан Смағұл Білім министріне депутаттық сауал жолдаса, сол кездегі Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мектеп оқулықтарындағы олқылықтарды көзбен көріпті. «Оқулықтар мәселесі жыл сайын орын алғанмен, шешілмей келеді. Сапасына қатысты айтылатын сын – шын сын. Өйткені қате, расымен, бар. Кейбірі әріптерді терген кезде кетіп қалғанын, енді бірі техникалық қате деп жатады. Бірақ қоғамды ондай ақталған сөздер қызықтырмайды. Өзім көргендерін тізіп шығайын. Орыс әдебиетінде өрескел қателер өріп жүр. Бір кейіпкерді біресе атымен, енді бірде тегімен атайды. Сонымен бірге, физика оқулығын алып қарасақ, дұрыс жауабымен сәйкес келмейтін есептер бар. Географияны қарасақ, картаға қатысты мәселе көп. Ағылшын тіліндегі кейбір сөздердің қазақша аудармасы дұрыс емес» деген ол. Оның айтуынша, оқулық сапасына қатысты мәселенің кесе-көлденең шыға беруінің бір себебі – уақыттың аз болуы. Көпшілігі асығыс жазылып, соның салдарынан сапасы да төмен болып шығады. Сонымен бірге, министр жыл сайын өткізілетін экспертиза жұмысына қатысты да біршама сын айтты. «Экспертизаны екінің бірі жасай алмайды. Мықты ұстаздың барлығы мықты сарапшы болмауы мүмкін. Сондықтан біз кәсіби сарапшыларды дайындауды қолға алуымыз керек. Сол кезде экспертиза нәтижесі де қуантатын болады. Бүгінде сараптама деген аты ғана бар» деген еді.

2020 жылы министр А.Аймағамбетов былай деді: «Оқулықтарды дайындаудың жаңа жүйесі толыққанды енгізілетін болады. Көптен бері бұл мәселе шешімін таппай келе жатыр. Біздің оқулықтарда көптеген кемшіліктің бар екенін мойындауымыз керек. Жалпы, оқулықтарды әзірлеу жүйесінің өзі жетіле қоймаған. Бірақ бұл тек баспалардың, авторлардың, я басқа да топтардың кінәсі деп айтуға болмайды». Соған орай Білім министрі бүкіл процесс қайта бағдарланғанын және жаңартылғанын тілге тиек етті. «Оқулықтар бойынша жұмыс мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа және типтік жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес дайындалады. Әрі қарай авторларды сараптау, тестілеу, дайындап оқыту және басылымдағы жұмыс барысы пысықталып жатыр. Осы мінбердегі бизнес-үдерістердің барлығы жаңа форматта іске асырылатын болады» деп түйіндеді Білім министрі.

Сол жылы өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мектептерде Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихы пәндерінен бірыңғай оқулықтар әзірлеу қажеттігін атап өткен болатын. «Жаңартылған білім мазмұны бойынша Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихы пәндерінің бағдарламасы заман талабына сай болғанмен, оқулықтың сапасы сын көтермейді. Оқулықтардағы деректердің сәйкессіздігіне, біріншіден, оның әртүрлі баспадан шығуы себеп, екіншіден, оқулықты жазар алдында Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихындағы деректер бір-бірімен салыстырылып, қарастырылып, ой сүзгісінен өтіп барып жазылса» деді.

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Аталған кемшіліктерден соң министрлік бірінші кезекте жасалатын осы ретте он қадамды атап өтті. Тізбектеп шығалық:

- Ұстаздарды жинап, арнайы курс өткізіп, сертификаттау керек. Тұрақты қатысушылардың базасын құру қажет. Эксперттік және пәндік комиссия мүшелерін сол базадан құпия әдіс арқылы таңдау;
- Оқулық авторларын оқыту;
- Экспертиза жасау процесін жетілдіру. Ол үшін оқулықтардың сараптамасын жасауға арналған арнайы платформалар керек. Сарапшылар сол жерде тұрақты жұмыс істеуге мүмкіндік алады;
- Ескертпелердің қаншалықты ескерілгенін электронды платформа арқылы қадағалау қажет. Әр айтылған ескертпенің нақты жауабы болуы тиіс;
- Оқулықтарды рецензиялау жасырын жүргені жөн. Яғни эксперттер тексеру барысында автордың кім екенінен бейхабар болады. Ол болса қысымның болмауын қамтамасыз етеді;
- Баспалар қате жіберген жағдайда, оқулықтарды ауыстыруды өз мойнына алуы керек;
- Баспа қатесін жөндемесе, арнайы санкциялар қарастырылады;
- Оқулықтар бағасына анализ жасау жұмысын министрлік бақылауға алады;
- Оқулықтардың көлемін кішірейту;
- Белгілі бір пәндердің бағдарламаларында кеткен олқылықтарды жөндеп, ретке келтіру.

### КЕМШІЛІКТЕР ТҮЗЕЛЕ МЕ?

2021 жылы ҚР БҒМ Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының сарапшылары мен халықаралық зерттеушілер консорциумының мамандары оқулық басылымдарының сараптау жүйесін жаңғыртуға бағытталған құжаттар топтамасын әзірледі.

Аталған топтаманы әзірлеу бағытындағы кешенді шаралар өткен жылдың қыркүйек айында басталған. Мұндағы негізгі мақсат – оқулықтарға қойылатын талаптарды отандық және әлемдік тәжірибеге сай салыстыру және жіті зерттеу арқылы қайта қарастыру, заман талабына сай әзірлеу. Сондай-ақ сараптама кезеңдері мен реттілігін тиімділік және қолданбалылық тұрғысынан қайта қарау, оқулықтарды зерделеу мен бекітудің ұлттық жүйесін нығайту көзделді. Бұл жөнінде РҒП білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Елдос Нұрланов айтқан болатын.

«Әзірленген құжаттарда сараптаманы жүргізуге, сарапшыларды іріктеуге, орта білім мазмұнының инвариантты бөлігіне жататын 19 пәнге арналған критерийлерге, жаңа оқулықтар мен ОӘК-ге жүргізілетін сынақтан өткізу процесі мен қоғамдық талқылау жұмысын жүргізуге қатысты нұсқаулықтар қамтылған. Сонымен қатар, оқу басылымдарының авторларына, сарапшылардың жұмысын бағалауға бағытталған арнайы нұсқаулықтар да бар» деді орталық басшысы.

Елдос Болатханұлының айтуынша, оқу әдебиетін бағалауға арналған критерийлерді 19 пәнге бөліп қарастыру – ұтымды тәжірибе. Бұған дейін оқу басылымдарын бағалау жүйесінде жалпы талаптарға басымдық берілген. Елімізде оқулыққа сараптама жүргізудің өзіндік тәжірибесі болғанмен, пән бойынша егжей-тегжейлі жіктеу бұрын-соңды қолданылып көрмеген.

Министрлік бұл мәселеге ден қойып, Дүниежүзілік банктің «Орта білімді жаңғырту» жобасы аясында осы бағыт бойынша консультациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуді қолға алды.

Жаңартылған критерийлерде соңғы 5 жылда қолданысы қарқынды түрде артқан ғаламтор мен әлеуметтік желінің сын-қатері ескерілген. Мәселен, мемлекет пен қоғамның дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін кемсітушілік, құқық бұзушылық, қатыгездік, үрдісшілдік, суицид, лаңкестік, отбасы құндылықтарына қарсы мінез-құлық, коммерциялық жарнама, бейресми дереккөздердің көрініс табуына жол бермеу мәселесі күшейтіле түскен. Жаңартылған критерийлер тиісті рәсімдерден өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

# ТІЛГЕ ҚАЖЕТТІЛІК БОЛМАСА, БӘРІ БЕКЕР

Айтыла-айтыла жауыр болса да, мемлекеттік тіл мәселесіне әредікте бір айналып соғып тұратын әдетіміз бар. Соңғы уақытта қазақ тілін үйренуге сұраныс уақыт өткен сайын артып келе жатқанын мойындау қажет. Бұл тенденция тек өзге ұлт өкілдерінің арасында ғана емес, өз қаракөздеріміздің тарапынан да құлшыныс барын аңғартады. Мұны біз әңгімеге тартқан полиглот, Астанадағы тіл үйрену орталығының жетекшісі Владислав Тен де растап отыр. Elorda.info тілшісіне берген сұхбатында ол тіпті өзге ұлт өкілдерінің 3-6 айда қазақ тілін меңгеріп кете алатынын айтып, көңілімізді көтеріп қойды.



Демек, қоғамда қалыптасқан «қазақ тілі – әлемдегі ең қиын тілдің бірі» деген тұжырым миф болғаны ғой? Көкейге келіп қалған осы сауалға Владислав: «Айналдырған 3 айдың ішінде кез келген адамды бастапқы деңгейде қазақша сөйлетуге болады» деп сенімді әрі кесімді жауап берді. Ендеше осы елде ондаған жыл бойы ғұмыр кешіп жатса да, әлі күнге бір ауыз қазақша тіл сындыра алмағандарды қайда қоямыз? «Бұған бір-ақ сөзбен сақ еткізіп жауап беру мүмкін емес» дейді сұхбаттасымыз. Мәселенің тамырын тарқата түспесе, түбінен түсіну қиын екенін біз де бағамдай қойдық.

Владислав Тен – көрші Өзбекстан мемлекетінің тумасы. Мамандығы – дәрігер. Ташкенттегі медициналық институтты бітіріп, он жылдай терапевт, гастроэнтеролог, эндоскопист болып қызмет еткен.

Осыдан 10 жыл бұрын Астанаға отбасымен көшіп келген кезде қазақ тілінде ләм-мим сөйлемеген көрінеді. Бірақ өзінің әдепкі ыждаһаттылығына салып, тіл меңгеруді бірден қолға алған. Өзгенің көмегіне жүгінбеген, өз бетімен тіл меңгеретін арнайы әдістемелік құрал жасап, соның игілігін көріпті.

– Қазақ тілін үйренуді бастаған уақытта өзіме аудиоматериалдар арқылы жасанды тілдік орта жасап алдым. Себебі менің айналамда бұл тілде сөйлейтін жан баласы болған жоқ. Аудиоматериалдарды шамамен бір жылдай тыңдаған соң, қазақша былдырлап тілім шыға бастады. Сондай-ақ тыңдаған сөздерді ауызбен айтуға дағдыландым. Тыңдаудан бөлек, түрлі жанрдағы кітаптарды да көп оқыдым, – дейді Владислав Тен.

Тіл үйренудегі нөмір бірінші қағида, міне, осындай екен.

– Тіл үйренушілерде ортақ бір кемшілік бар: олар грамматикамен тым әуес болып, ерінбей ереже жаттай береді. Сосын «үйрене алмадық» деп салы суға кететіні – заңдылық. Кез келген тіл миға көзбен емес, құлақпен кіреді, – дейді кейіпкеріміз.

Кез келген тілді үйрену үшін тілдік орта қажет екенін алты жасар бала да білетіні даусыз. Ал тілдік орта болмаса ше?

– Егер қазақ тілді орта болмаса, онда құлаққаппен радио немесе аудиоподкасттар тыңдап, тілдік ахуалды өзіңіз қалыптастырыңыз. Мен өзім білетін тілдерді осы жолмен үйреніп алдым. Мамандығым дәрігер болған соң, ми қызметінің жұмысын жақсы меңгергенмін. Мидың қандай жолмен тілді тиімді үйрене алатынын да білемін. Ең тиімді жол – үнемі есту, тыңдау. Есту қабілетін дамыту. Себебі жаңа тіл құлақпен кіріп, миға әсер етеді. Бастысы, әрдайым тыңдап жүруді әдетке айналдыру керек, – дейді В.Тен.

Тілдік орта жоқ деп ақталатындар шын ынта-ықыласы болса, «жасанды» орта жасап алуға қазіргі техниканың күші де, құдіреті де молынан жетіп тұр. Шүкір, тыңдаймын деген адамға интернетте қазақша аудио, видеоматериалдан көз сүрінеді. Қазақтың айтатын «құйма құлағы» тіл үйренуге таптырмас қасиет екенін осындайда тағы бір түйсіне түсеміз.

Жә, мұны құп делік. Ал енді осының өзі тіл үйренуге жеткілікті болғаны ма? Жоқ, әрине. Ендігі мәселенің төркіні тіл үйрететін жарытымды әдістемелердің жоқтығында көрінеді. Ал тілді сапалы әрі тиімді үйрететін мұғалімдердің саны бар, сапасы жоқ.

– Тіл курстарын айтпағанда, мектептердің өзінде мұғалімдер балаларға қазақ тілін жақсы түсіндірмейді. Менің 2 балам бар. Екеуі де орыс тілді. Мұғалімдер түсіндіре алмағандықтан, үлкен ұлыма тілді өзім үйретіп жүрмін. Ұстаздар тілді білмейді емес, керісінше, өте жақсы біледі. Алайда мәселе сол әдістемеде болып тұр, тілдің грамматикасын балаларға ұғынықты, дұрыс түсіндіре алмайды, – дейді Владислав.

Бұған тағы келіспеске лаж жоқ. Сұхбаттасымыздың айтуынша, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін шет тілі ретінде, екінші тіл ретінде үйрететін әдіс-тәсілдермен түсіндіру керек. Яғни кез келген ұлттың өкіліне солар түсінетін тіл арқылы түсіндірудің тиімділігі мол. Ал қазіргі ұстаздардың кемшілігі – олар үйренушілерге қазақ тілді оқушыларға арналған әдістемені қолданады. Міне, сол себепті тіл үйренушілер бірін түсініп, бірін түсінбейді.

– Өзге ұлт азаматы ретінде мен қазақ тіліне сырттай қарай аламын. Тіпті тілдің ерекшелігін жақсы білемін десе де болады. Мәселен, орыс тілділерге «сөйлеп отырмын», «айтып жатырмын», «жаңбыр жауып тұр» деген сөз тіркестерін ұғындыру оңай емес. Мен адамдарға қазақ тілін орыс не ағылшын тілдері арқылы түсіндіремін, – дейді В.Тен.

– Егер үйренем деген махаббат пен мотивация болса, қазақ тілі – өте оңай тіл. Қай тілді үйренсеңіз де, сол тілді жақсы көру қажет. Өз тәжірибемнен айтатын болсам, мен қазақ тілін корей, ағылшын, өзбек тілдерін меңгергенім секілді махаббатпен үйрендім. Көбірек сол тілде аудиоподкасттар тыңдау қажет. Кемінде 300-ге жуық ең көп қолданылатын сөзді білуі керек. Тіл үйренетіндердің тағы бір кемшілігі – олар сол тілде сериалдар мен жаңалықтар көрмейді. Тіпті қазақстандық әншілерді білмейді, олардың әндерін тыңдамайды.

**Сабина КӘКІМЖАН**

**№25** (4458) 02/03/2023 Бейсенбі

# ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



Еліміздің жүрегі – Астана қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия құрылған. Астаналық комиссия құрамында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қазақстандық филиалы, Астана халықаралық университеті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің жетекші ғалымдары, Астана қаласының біріккен музейлер дирекциясының, Астана қаласы мемлекеттік архивінің қызметкерлері бар. Бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері – Астана қаласының мемлекеттік архиві мекемесі ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы Ғазиза ИСАХАН – Астана қаласы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия мүшесі, топ жетекшісі.

**– Қазан төңкерісінің аласапыран құйыны, әскери коммунизм саясаты, еріксіз ұжымдастыру, малынан айырылған елдің алапат аштыққа ұшырауы, 37-нің қырғыны, одан кейінгі соғыс, міне, түгел термелемей-ақ, бас-аяғы 20-30 жыл ішіндегі осы трагедияның бәрі Ақмола өңірінде ерекше көрініс алды емес пе?**

– XX ғасыр – қазақ халқы үшін тауқыметі мол, қарама-қайшылығы көп зерттеуді, зерделеуді қажетсінетін тарих үзігі. Ұлт үлкен империяның қатыгез тәжірибесінің (экспериментінің) құрбаны болды. Тоталитарлық жүйенің саясатынан миллиондаған жазықсыз жан жапа шекті, жүздеген мың адам атылды, асылды, түрмеге қамалды, босқыншылыққа ұшырады, атамекенінен айырылды. Ұлттық болмысты сақтауға жан-жақтан қыспақ жасалды. Бұрын-соңды болмаған ашаршылықтан халықтың 49 пайызы қырылды, зиялылар қуғындалды, тілге, әдебиетке тосқауыл қойылды. Екі рет әліппе ауыстырылды. Ұлт ғасырлар бойғы дағдысынан айырылды. Алаш қайраткерлері, одан соң дін өкілдері, одан соң бай-кулактар, олардың ағайын-туысы, тіпті қарапайым халық қуғынға ұшырады. Бұл – жалпыға белгілі жағдай. Біздің мақсатымыз осы оқиғалардың салдарын зерделеумен айқындалды. Яғни халық жадын тарихи шындық негізінде қалыптастыру мақсатында кеңестік режимдегі қуғын-сүргіннің ауқымын анықтау, құрбандардың толық тізімін жасау, азаматтардың жазықсыз атылған, жерленген орнын анықтау, арнайы архивтердегі құпия құжаттарды құпиясыздандыру, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң жобаларын дайындау жұмысын үйлестіруде, ұйымдастыру бағытында мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсе қызметкерлерінің, кеңсе басшысы, заңгер-ғалым Сабыр Қасымовтың еңбегі ерекше. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның жұмыс тобын құру жұмысынан бастап әрбір өңірге, әрбір зерттеушіге, әрбір архивке қажетті жадынама әзірлеу, ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, бағыт беру, семинар өткізу, қат-қабат жұмыстар жүргізілді.

Нәтижесінде қуғын-сүргін бойынша 2 млн 400 мыңнан аса құпия құжат құпиясыздандырылды, 3 млн-нан астам қуғын-сүргін құрбаны мен зардап шеккендер анықталды, 2 заң жобасы әзірленді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша сотқа тартылғандар – 115 мың, атылғандар 25 мың болған еді, бұл цифр күн сайын өзгеруде. Жобалық кеңсенің соңғы мәліметі бойынша 311349 саяси қуғын-сүргін құрбаны ақталып отыр.

**– Бір бұл ғана емес, бұған дейін де саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссиялар болғанын білеміз.**

– Ғалымдар ақтау саясатын кеңестік, посткеңестік деп екіге бөледі. Кеңестік кезеңнің өзі «Хрущевтің жылымығы» мен «Горбачевтің қайта құруы» болып тағы бөлінеді.

КСРО-да контрреволюциялық қылмысы үшін лагерь, колония, түрмеде жазаға тартылғандар мен жер аударылған адамдардың ісін қайта қарау туралы орталық және жергілікті комиссиялар құру туралы КОКП ОК Президиумының қаулысы 1954 жылы 4 мамырда қабылданды.

Орталық және жергілікті комиссиялардың жұмысы 1954-1956 жылдары жүргізілді, комиссия жазаны жеңілдету, босату туралы шешімді аса сақтықпен, жалтақтап қабылдады. 1955 жылы 31 желтоқсанда құрылған «Поспелов комиссиясы» атауымен белгілі партиялық комиссия партия, мемлекет қайраткерлері мен әскери басшыларға қарсы қуғын-сүргін туралы мәселелерді қарастырды. Алғаш рет мемлекеттік деңгейде ресми тұлғалар Сталиннің өз халқына жасаған қылмысын әшкереледі.

Хрущевтің «жылымығы» аздаған демократиялық процестерге жол ашқанмен, оның көпшілігі жарым-жартылай әрекет болды.

30-40-жылдары және 50-жылдардың басындағы қуғын-сүргінге қатысты материалдарды қайта зерделеу жөніндегі КСРО ОК саяси бюросы жанынан 1988 жылы құрылған комиссия жазықсыз қудаланғандарға байланысты тарихи әділдікті қалпына келтіруді талап етті.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде екі комиссия жұмыс жасағанын білеміз. Оның алғашқысы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1991 жылғы 12 қарашадағы қаулысымен құрылған академик Манаш Қозыбаев бастаған комиссия Қазақстан Орталық атқару комитеті мен КАКСР Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерделеп, зерттеп, 1993 жылы аталмыш қаулылар халыққа қарсы, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқаны жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төралқасы комиссиясының қорытындысын жариялады. Комиссияның қорытындысы мен шешімі Жоғарғы Кеңестің отырысына және қарауына енгізілмегендіктен, толық жүзеге аспады.

> Астана қаласының мемлекеттік архивінде 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мәселелеріне қатысты Ақмола өңіріндегі мемлекеттік билік, мемлекеттік басқару, ішкі істер, заң, сот, прокуратура, басқа да мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың құжаттары сақталған. Бұл жинақта архив құжаттарының тамшыдай бір бөлігі ғана жарияланды

Екінші комиссия 1997 жылы депутат Сабыр Қасымовтың бастамасымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен құрылған еді. Дегенмен 1993 жылғы 14 сәуірде қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында саяси қуғын-сүргін материалдары мемлекеттік құпияға жатпаса да, арнайы архивтердің құпия қорындағы құжаттар сол баяғы жабық күйінде қалды. Сол себепті саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі толық аяқталмады, тарих ғылымындағы «ақтаңдақ беттер» де ашылмай қалған еді.

**– Жуырда саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарының негізінде жобалық кеңсенің ұйымдастыруымен дайындалған көптомдық (31 том) жарыққа шықты. Көптомдықтың 23 томы Астана қаласының өңірлік комиссия мүшелері әзірлеген «Ақмола өңірі – архив құжаттарында (XX ғ. 20-40 жж.)» құжаттар мен материалдар жинағы шығып, архивтік құжаттарға тарихшы ғалымдар мен қалың көпшіліктің қолы жетті. Сол туралы толығырақ айтсаңыз.**

– Бұл жинаққа Ақмола өңірінде сол кезеңдегі қоғамның шынайы келбетін ашатын 222 құжат топтастырылды. Жинақты құрастыруда саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия бекіткен зерттеу мен зерделеу жұмысының негізгі бағыттары басшылыққа алынды.

Құжаттар жинағына XX ғ. 20-40-жылдарындағы Ақмола өңірінің қоғамдық-саяси өмірі мен дәстүрлі шаруашылығындағы түбегейлі өзгерістер, халық өкілдерінің азаттық жолындағы күресі мен қызметі, әскери-саяси жағдай, ашаршылықтың салдары, тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айырылған адамдардың жанайқайы мен шетел асуға мәжбүр болған босқындардың таралу аймағын көрсететін архив материалдары топтастырылған. Сондай-ақ саяси науқандар мен жаппай қуғын-сүргінге қатысты бұйрықтар мен нұсқаулықтар, қаулы-қарарлар мен шешімдер, қуғынға ұшыраған жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдары мен талаптары, ресми баяндау жазбалары, статистикалық мәліметтер және саяси құқығынан айырылған адамдардың тізімі енгізілген.

Астана қаласының мемлекеттік архивінде 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мәселелеріне қатысты Ақмола өңіріндегі мемлекеттік билік, мемлекеттік басқару, ішкі істер, заң, сот, прокуратура, басқа да мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың құжаттары сақталған. Бұл жинақта архив құжаттарының тамшыдай бір бөлігі ғана жарияланды.

Жинақталған құжаттар мен материалдар Қазақстан Республикасы Президенті архиві (Алматы қ.), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (Алматы қ.), Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (Петропавл қ.), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мемлекеттік архиві (Астана қ.) және Астана қаласының мемлекеттік архивінде сақталған қор негізінде жүйеленді. Париждегі Мұстафа Шоқай архивінен 1924 жылы эмиграНттық басылымда жарияланған Ақмола өңіріндегі ашаршылық туралы жазылған мақаласы енгізілді. Сонымен қатар, қуғын-сүргінге ұшыраған түрлі санаттағы адамдардың жергілікті билік өкілдеріне жазған арыз-шағымдары мен талаптары, сот үкімдері араб әрпінен кириллицаға түсірілді.

> Нәтижесінде қуғын-сүргін бойынша **2 млн 400 мыңнан** аса құпия құжат құпиясыздандырылды, **3 млн**-нан астам қуғын-сүргін құрбаны мен зардап шеккендер анықталды, **2** заң жобасы әзірленді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша сотқа тартылғандар – **115 мың**, атылғандар 25 мың болған еді, бұл цифр күн сайын өзгеруде. Жобалық кеңсенің соңғы мәліметі бойынша **311349** саяси қуғын-сүргін құрбаны ақталып отыр

**– Маған жинақтың құрылымы ұнады. Елдегі өзгерістер кезең-кезеңімен сатылап жинақталғандықтан, қарапайым оқырман сол жылдардың нәубетін бірден түсіне алады.**

– Жинақ 3 тараудан тұрады: 1. Алаш қозғалысы және кеңестік биліктің қоғамды трансформациялау үрдістері. Бірінші бөлімде 78 құжат берілген:

Ақмолалық Алаш зиялылары, Ақмола облыстық, уездік және болыстық қазақ съездері, әскери коммунизм саясаты, Ақмола өңіріндегі ашаршылық, босқыншылық, кеңестік саясатқа қарсы көтерілістер, сайлау құқығынан айыру шаралары, діннен елді безіндіру, діни орталықтарды жабу туралы мәліметтер беріледі.

Екінші тарау – «Саяси науқандар және оның салдары» (№79-179) атты бөлімде бай-кулактарды тап ретінде жою саясаты (байларды тәркілеу, жер аудару), халықты бір-біріне айдап салу, таптық жік туғызу, қырқыстыру, жерді, шабындықты бөлу, ауылды кеңестендіру жайлы айтылады.

Астық, ет дайындау науқаны, оған қарсылық танытқан адамдардың жазалануы, тергеу-сот процестері, бандалық топтар, ұжымдастыру науқаны туралы құжаттар қамтылған.

«Кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясаты» (№180-222) деп аталатын тарауда партиялық тазалаулар науқаны, дін өкілдерін қудалау, Қазақстан жеріне күштеп жер аударылған халықтар тағдыры, ГУЛАГ лагерінде жәбірленушілер, Екінші дүниежүзілік соғыста Европа елдеріндегі қазақстандық тұтқындар туралы құнды құжаттар жарияланған.

Еліміз тәуелсіздік алған соң, тарихи ақтаңдақтар қайта қаралып, жоғымызды түгендеп, құпия құжаттар ашылды, өткенімізді зерделеу басталды. Өрт орнындағы күлден қайта тірілген Феникстей Алаш арыстарының есімі қайтадан елге оралды, ұлт-азаттық күрес көсемдерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, зерделеп, жарыққа шығару арқылы ұлттық санамыз да биіктей түсті. Алаш арыстарының рухына тағзым етіп, ұрпақтар жадында қалдыру мақсатында игілікті істер жасалып жатыр, көшелерге, мектептерге есімі берілуі, фильмдердің жарыққа шығуы, мемлекеттік деңгейде, ЮНЕСКО көлемінде мерейтойларының аталып өтуі – осының бәрі келер ұрпақ үшін тағылым, біз үшін мұның бәрі – қуғын-сүргін құрбандары алдындағы парыз, ұлт алдындағы жауапкершілік.

**Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС**



# ҚАРАУСЫЗ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ БАЛА БОЛМАУЫ КЕРЕК



Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысы балалардың қараусыздығы мен панасыздығы профилактикасы бойынша өтті. Жиынға мүдделі мемлекеттік органдар, қалалық прокуратура, ювеналды полиция, білім, денсаулық, жұмыспен қамту басқармаларының өкілдері қатысты. Отырыста балалар арасындағы суицидтің алдын алу мәселесі де қозғалды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Омар Олжастың айтуынша, бүгінгі таңда елордада 126 мектеп, сонда оқитын 236 мың бала бар. Сонымен қатар 33 колледж білім береді.

– Басқарма сабақтан 10 күннен артық себепсіз қалатын балаларға бақылау жүргізеді. Биыл қаңтар айында ювеналды полицияда сабақтан себепсіз қалатын 16 бала тіркеуде тұрғаны анықталды. Олардың 11-і – оқушы, 5-еуі – студент. Олардың сабақтан неге қалатынын анықтау барысында ең басты себеп – отбасыларының басқа мекенжайға көшуі, оқуға ынтасының болмауы. Бұл мәселе кәмелет жасқа жетпеген балалар мәселелері жөніндегі комиссия отырысында көтеріліп, тиісті шешім қабылданады, – дейді басқарма өкілі.

Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция бөлімінің бастығы Нэлли Дощанованың айтуынша, былтыр кәмелетке толмағандарға қатысты елордада 97 қылмыс орын алған. Соның 39-ы - жыныстық азғындыққа қатысты қылмыс.

– Былтыр қарашадан бастап екі ай бойына елорданың 40 шақты мектебінің ата-анасы арасында сауалнама жүргіздік. Оған 21 мың ата-ана қатысты. Оларға қазір бала тәрбиесінде қандай мәселе алаңдататыны және не ұсыныс айтатыны туралы екі сұрақ қойдық. Олардың басым бөлігі қазіргі таңда бала тәрбиесінде ең басты қиындық гаджет пен интернетке әуестік екенін атап өткен. Екінші мәселе – отбасындағы кикілжің. Сонымен қатар ата-ананың жұмыстан босамайтыны, бала тәрбиесіне мүлдем уақыт бөлмейтіні де айтылды. Бұған қоса, көп ата-ана баланың жас ерекшелігіне қарай қалай әрекет ету керегін мүлдем білмейтін болып шықты. Сондықтан олар баладан бұрын ата-ананы оқытып, бала психологиясын үйрету керек деп өтінген, – дейді Астана қаласы бойынша балалар құқығын қорғау өңірлік уәкілі Әсима Бимендина.

Қалалық прокуратура органдары жыл сайын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тәрбиеленетін және оқытылатын уәкілетті органдарда, мамандандырылған мекемелерде тексеру жүргізеді.

– Профилактикалық жұмыстарға қарамастан, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу өзекті мәселе болып қала береді. Өткен жылдан бастап Астана қаласының прокуратурасы 90 мыңнан астам кәмелетке толмағандардың құқығын қорғады, 60-қа жуық лауазымды тұлға түрлі жауапкершілікке тартылды, – дейді Астана қаласы бойынша прокуратура басқармасының аға прокуроры Әйгерім Өмірзақова.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімі басшысының м. а. Айнұр Мұқанованың айтуынша, 2022 жылы елордада жасөспірімдер арасында суицидке барған 101 жағдай тіркелді. Бұл 2021 жылға қарағанда 35 жағдайға кем.

– Суицидке апаратын себептің басында отбасындағы ұрыс-керіс, достарымен, құрдастарымен келіспеу, күйзеліс тұр. Қала емханаларында жастар денсаулығы орталығы жұмыс істейді. Сондағы психологтар мектептерде семинар мен дәріс өткізеді. Сонымен қатар қалада шұғыл психологиялық көмек көрсететін 2 кабинет бар, – дейді ол.

Комиссия хатшысы Қарлығаш Саркенова білім беру мекемелерінде қазіргі таңда балалар арасындағы құқық бұзушылық бойынша профилактикалық жұмыс өз деңгейінде жүргізілмейтінін жеткізді.

– Тәрбие жұмысын жандандырып, психологиялық жұмысты күшейту керек. Балалар қандай да бір қиындыққа тап болғанда, бірінші кезекте кімге барып көмек сұрайтынын білуі керек. Олар әлеуметтік педагог пен психологты тез тауып алып, ойын ашық айтатындай болуы қажет. Бүгінгі отырыста алдымен психологиялық қызметті күшейту керек екенін түсіндік. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық оқиғасы бойынша жұмыс жүргізудің нақты алғышарты болуы тиіс, – дейді ол.

Қаладағы жоғары кәсіби-техникалық колледжде өткен комиссия отырысына қатысушыларға оқу орнының директоры Римма Иманғазинова колледж ішін аралатып, экскурсия өткізді.

Өткен жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылғанына 30 жыл толды. ҰҚК органдары құрылымының бастауында тұрған ардагерлердің туған халқы мен өз Отанына деген адалдығын сақтай отырып, еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі өлшеусіз ерен еңбегі аса құрметпен аталып өтті. Астаналық 80 ардагер «ҚР ҰҚК 30 жыл» мерейтойлық медалімен наградталды.

# АРДАГЕРЛЕР – АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА



ҰҚК Астана қаласы бойынша департаменті – «ҚР ҰҚК органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің бір филиалы және өз қатарына 200-ден астам ұлттық қауіпсіздік органдарының зейнеткерін қамтыған. Олардың арасында бір кездері ҰҚК-нің құрылымдық және аумақтық органдарында басшылық қызметте болған көптеген ардагер де бар. «Чекистер қай кезде де қатардан табылады» демекші, құрметті зейнет демалысында болса да, олар комитетпен байланысын үзбей, үнемі хабарласып отырады.

Ардагерлер кеңесі өз қатарын толықтыру мен нығайту жолында тұрақты түрде ұйымдастыру жұмысын жүргізіп келеді. Өз мүмкіндігінше ҰҚКД басшылығына жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне, әскери қызмет пен қоғамда ҰҚК органдарының абырой-беделін нығайтуға бағытталған іс-шараларға барынша белсенді түрде қатысу және басқа да бағыттар бойынша көмек көрсетуде. Зейнеткерлерге атаулы әлеуметтік көмек пен моральдық қолдау жасалады. Бұл ретте департамент басшылығы мен қызметкерлері ардагерлер ұжымына жәрдемдесуге қашанда дайын. Ардагерлердің жеке құраммен кездесіп, өмірлік әрі кәсіби тәлім-тәжірибесімен бөлісіп отыруы да дәстүрге айналған. Департамент қабырғасында тұрақты түрде патриоттық тақырыпқа арналған түрлі іс-шара, оның ішінде әдетте салтанатты жағдайда өтетін ардагерлерге құрмет көрсету де өткізіліп тұрады. Бұдан басқа Ардагерлер кеңесі елорданың қоғамдық өміріне белсене қатысып, қалалық Ардагерлер ұйымымен де өзара тығыз байланыс жасайды.

Үстіміздегі жылдың 5 наурызында ардагерлер отставкадағы полковник Жапаев Қуаныш Нұралиұлын 75 жасқа толу мерейтойымен құттықтайтын болады. Қуаныш Нұралиұлы 1948 жылы 5 наурызда Қостанай облысының Наурызым ауданында туған. 1976 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітіргеннен кейін КСРО МҚК органдары қатарына қызметке шақырылып, Минск қаласындағы КСРО МҚК Жоғары курсына жіберіледі.

1977 жылы аталған курсты бітіргеннен кейін Қазақ КСР МҚК Целиноград облысы бойынша басқармасына жіберіліп, жедел уәкілден облыстық бөлімшенің бөлім бастығы лауазымына дейінгі қызмет баспалдағынан өтті, лейтенанттан подполковникке дейінгі әскери шенге көтерілді. Ол осы жерде адамдармен жұмыс істеудің мол тәжірибесін жинақтап, өзінің кәсіби шеберлігін ұштады.

Жедел-қызметтік іс-қимылда қол жеткізген оң нәтижелері үшін бірнеше рет комитет басшылығы тарапынан марапатталды. Алматы қаласындағы ҰҚК жедел басқармасының бірінде бастықтың орынбасары болып қызмет атқарған кезінде оның басшылық таланты мен ұйымдастырушылық қабілеті ерекше көзге түсті.

Барлық жедел және басшылық лауазымда полковник Қ.Жапаев өзін турашыл, істі дұрыс бағалай білетін, сауатты және жетекші тұлғасына сай басшы ретінде көрсете білді. Оны тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауы, белсенді өмірлік позициясы ерекшелендіріп тұратын. Кадрларды сапалы дайындау мен орналастыруға, әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларды шешуге аса көңіл бөлетін, қашанда жеке құрамға жақын болып, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмек қолын созатын.

Жоғарыда көрсетілген жағдайды ескере отырып, комитет алқасы 1995 жылы Қуаныш Жапаевқа ҰҚК орталық аппаратын Алматы қаласынан Астанаға көшіру бойынша жұмыс тобының біріне жетекшілік жасауды сеніп тапсырды. Бұл міндетті де ол тыңғылықты орындап, жоспарланған мерзімде комитеттің бөлімшелері жаңа астанаға қоныс аударды. Қуаныш Жапаевтың сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, ол ҚР ҰҚК төрағасының құрмет грамотасымен марапатталды.

ҰҚК органдарындағы басшылық орындардың барлығында да Қуаныш Нұралиұлы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзінің құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігін көрсете білді.

**Н.ҚАЙСАРИН,**
**полковник, ҚР ҰҚК Астана қаласы бойынша департаменті Ардагерлер кеңесінің төрағасы**

## #КЕРЕККЕҢЕС

# ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?



Тұрғын үй орталығы «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ арқылы Астана қаласында сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйге құжаттарды қабылдау басталғанын хабарлайды.

**КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?**

Бұл бағдарламаға төмендегі салаларда жұмыс істейтін, кез келген санаттағы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар:

– білім беру;
– денсаулық сақтау;
– мәдениет;
– спорт;
– әлеуметтік қорғау (Астана қаласы әкімдігіне бағынысты кәсіпорындар мен мекемелерінде);
– Астана қаласының Полиция департаменті және оның бағынысты мекемелерінде;
– Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті және оның бағынысты мекемелерінде жұмыс істейтін азаматтар қатыса алады.

**Құжаттарды қабылдау күні:** 27 ақпаннан бастап 2023 жылғы 10:00–3 наурыз аралығында 23:59-ға дейін. Өтінімдерді қабылдау электронды түрде qatysu.zhilfond.kz порталында жүргізіледі.

**ӨТІНІШ БЕРУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

– ЭЦҚ кілті;
– өтінім берген сәтте 10 күннен кешіктірмей берілген мекеменің фирмалық бланкісіндегі жұмыс орнынан анықтаманың сканерленген нұсқасы болса жеткілікті.

**Бағдарлама бойынша берілетін пәтерлер саны: 50.**

Білім беру саласында жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 4, 3 бөлмелі 2 пәтер бөлінді.

Мәдениет саласында жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Спорт саласында жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 2, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Әлеуметтік қорғау саласында жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Полиция департаментінде жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Төтенше жағдайлар департаментінде жұмыс істейтіндерге 1 бөлмелі пәтер – 3, 2 бөлмелі – 3, 3 бөлмелі 1 пәтер бөлінді.

Тұрғын үй түрі: сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй. 1 шаршы метрге жалға алу құны – 1 455 теңге.

Баспананы жалға алудың ең ұзақ мерзімі – сатып алу құқығымен 20 жылға дейін.

Тұрғын үй жалға алу мерзімі өткеннен кейін жалға алушының меншігіне өтеді.

Табыс жеткіліксіз болған жағдайда, кепілгерлерді тарту мүмкіндігі қарастырылған.

**Орналасқан жері:** Сарыарқа ауданы, Көктал тұрғын алабы, 12-95 көшесі, 12/1 үй.

Сіз, отбасыңыздың құрамына қарамастан, кез келген типтегі (1, 2, 3 бөлмелі) пәтерге ие бола аласыз. Дегенмен сіз таңдаған пәтер түрін мақұлдау төлем қабілетіңізге тікелей байланысты.

**Есіңізде болсын!** Егер сіз өтініш берген кезде, мысалы, екі бөлмелі пәтерді таңдасаңыз және таңдау нәтижесі бойынша оған сәйкес келмесе, сіз пәтердің басқа түрін таңдай алмайсыз және қайта өтініш бере алмайсыз. Іріктеу кезекке қойылған күнге сәйкес өтеді. Бағдарлама 2 кезеңде жүзеге асады:

1) қатысуға өтініш беру және кезекке қою күніне сәйкес іріктеу;

2) кезекке қою күні бойынша байқаудан өткеннен кейін Қазақстан тұрғын үй компаниясында төлем қабілетін растау рәсімінен өту қажет. Жедел желі телефоны: 8-800-080-44-48.

Өтінімдерді қарау нәтижесі туралы кейінірек «Тұрғын үй қоры» КММ, «Астана қаласы тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ мен Тұрғын үй орталығының сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

## ДҮЙСЕНБІ
## 6 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Жат бауыр». Телехикая.
14:10 «Қызық екен...»
14:40 «Әйел әлемі»
15:10 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 «Aqorda»
16:10 «Айман&Шолпан» телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Бірегей»
18:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая.
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
1:10 «Өмір көркем»

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ»
10:30 «БІР КІТАП»
10:35 МУЛЬТФИЛЬМ.
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҮКІМ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 МЕГАХИТ. «ОПАСНЫЙ БИЗНЕС»
17:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА.
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҮКІМ»
21:45 «ҚҰСАЙЫНОВТАР. ӨМІР ЖОЛЫ»
22:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ.

**ASTANA TV**

